

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**THE BULLETIN**

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

**6 (412)**

NOVEMBER – DECEMBER 2024

---

ALMATY, NAS RK

---

#### **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

#### **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 6. Number 412 (2024), 338–350  
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.873>

FTMP 06.61.33  
ӘОЖ 332.1

**U.D. Berikbolova<sup>1\*</sup>, M.A. Umirzakova<sup>1</sup>, A.G. Mukhamedzhanova<sup>2</sup>,  
L.K. Spanova<sup>3</sup>, 2024.**

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Company «EC Academy», Astana, Kazakhstan;

<sup>3</sup>Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: [ulzhan.73@mail.ru](mailto:ulzhan.73@mail.ru)

## **SELECTIVE REGIONAL POLICY AS A TOOL FOR REDUCING INEQUALITY IN REGIONAL DEVELOPMENT**

**Berikbolova Ulzhan Doskaliyevna** – MSc (Econ), senior lecturer of the Educational programs Economics and Management, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [ulzhan.73@mail.ru](mailto:ulzhan.73@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-7899-8147>;

**Umirzakova Meruert Abdualiyevna** – candidate of economic sciences, senior lecturer of the Educational programs Economics and Management, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [umirzakova1972@mail.ru](mailto:umirzakova1972@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-2339-1086>;

**Mukhamedzhanova Aliya Gafurovna** – Doctor of Economic Sciences, Full Professor, Consultant company «EC Academy», Astana, Kazakhstan, E-mail: [mukhamedzhanova.aliya@gmail.com](mailto:mukhamedzhanova.aliya@gmail.com), <https://orcid.org/0009-0005-9291-7784>;

**Spanova Lazzat Kabyibaevna** – MSc (Econ), senior lecturer of the Department Economics, audit and business, Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [Spanova74@inbox.ru](mailto:Spanova74@inbox.ru), <https://orcid.org/0009-0009-7410-77877>.

**Abstract.** Selective regional policy plays a key role in reducing interregional disparities, stimulating economic growth, and ensuring sustainable development. In the context of globalization, universal approaches to regional development are not always effective, necessitating the application of differentiated methods that consider the specific features of individual territories. This study examines selective regional policy as a tool aimed at addressing territorial imbalances, supporting weaker regions, and ensuring their integration into the economic space.

Special attention is given to the role of infrastructure investments, support for small and medium-sized enterprises, and the development of human capital and innovation potential. Examples of successful programs, such as the "Business Roadmap 2025", are provided, alongside an emphasis on the necessity of regular monitoring and systematic evaluation of regional policy effectiveness.

The study highlights the importance of cross-sectoral cooperation and the consideration of demographic, social, and economic characteristics of regions.

The primary conclusion underscores the need to integrate economic, social, and environmental indicators to create a comprehensive strategy for sustainable development.

The work offers recommendations for the effective allocation of resources, economic diversification, and the improvement of government support measures to overcome imbalances, including the example of the Kyzylorda region as an area requiring increased attention.

**Keywords:** regions, inequality regional development, selective regional policy, interactions between center and regions, decentralization.

**У.Д. Берикболова<sup>1\*</sup>, М.А. Умирзакова<sup>1</sup>, А.Г. Мухамеджанова<sup>2</sup>,  
Л.К. Спанова<sup>3</sup>, 2024.**

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;

<sup>2</sup> «ЕС Academy» ЖШС, Астана, Қазақстан;

<sup>3</sup>Болашақ Университеті, Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: ulzhan.73@mail.ru

## **СЕЛЕКТИВТІ ӨҢІРЛІК САЯСАТ ӨҢІРЛЕРДІҢ ДАМУ ТЕҢСІЗДІГІН ҚЫСҚАРТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

**Берикболова Улжан Доскалиевна** – экономика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Экономика және басқару» білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: ulzhan.73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7899-8147>;

**Умирзакова Меруерт Абдуалиевна** – экономика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Экономика және басқару» білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: umirzakova1972@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2339-1086>;

**Мухамеджанова Алия Гафуровна** – экономика ғылымдарының докторы, профессор, «ЕС Academy» ЖШС кеңесшісі, Астана, Қазақстан, E-mail: mukhamedzhanova.aliya@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-9291-7784>;

**Спанова Лаззат Кабылбаевна** – экономика ғылымдарының магистрі, Болашақ университетінің «Экономика, бизнес және аудит» кафедрасының аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: Spanova74@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0009-7410-7787>.

**Аннотация.** Селективті өңірлік саясат өңіраралық айырмашылықтарды қысқартуда, экономикалық өсуді ынталандыру мен тұрақты дамуды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жаһандану жағдайында өңірлерді дамытудағы әмбебап тәсілдемелер әрдайым тиімді бола бермейді, ол өз кезегінде жекелеген аумақтардың ерекшеліктерін ескеретін сараланған әдістерді қолдануды талап етеді. Жұмыс селективті өңірлік саясатты аумақтық диспропорцияларды жоюға, әлсіз өңірлерді қолдауға және олардың экономикалық кеңістікке интеграциялануын қамсыздандыруға бағытталған құрал ретінде қарастырады.

Инфрақұрылымдық инвестициялардың рөліне, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға, сол сияқты адами капитал мен инновациялық әлеуетті дамытуға ерекше көңіл бөлінген. «Жол картасы – 2025» сынды табысты

бағдарламалар мысалға келтіріліп, өңірлік саясатты тұрақты мониторингтеу мен оның тиімділігін жүйелік бағалау қажеттілігі атап көрсетілген.

Зерттеу сектораралық ынтымақтастықтың, өңірлердің демографиялық, әлеуметтік және экономикалық сипаттамаларын ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Негізгі қорытынды тұрақты дамудың кешенді стратегиясын құру үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштердің интеграциясының қажеттілігін негіздеу болып табылады.

Жұмыста ерекше назар аударуды қажетсінетін өңір ретінде Қызылорда облысының мысалы негізінде, ресурстарды тиімді бөлу, экономиканы әртараптандыру мен дисбаланстарды жоюдағы қолдаудың мемлекеттік шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар берілген.

**Түйін сөздер:** өңірлер, даму теңсіздігі, өңірлік селективті саясат, орталық пен өңір арақатынасы, орталықсыздандыру.

**У.Д. Берикболова<sup>1\*</sup>, М.А. Умирзакова<sup>1</sup>, А.Г. Мухамеджанова<sup>2</sup>,  
Л.К. Спанова<sup>3</sup>, 2024.**

<sup>1</sup>Қызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан;

<sup>2</sup>ТОО «ЕС Academy», Астана, Казахстан;

<sup>3</sup>Университет Болашак, Кызылорда, Казахстан.

E-mail: ulzhan.73@mail.ru

## **СЕЛЕКТИВНАЯ РЕГИОНАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА КАК ИНСТРУМЕНТ СНИЖЕНИЯ НЕРАВЕНСТВА РЕГИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ**

**Берикболова Улжан Доскалиевна** – магистр экономических наук, старший преподаватель образовательной программы «Экономика и управление» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: ulzhan.73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7899-8147>;

**Умирзакова Меруерт Абдуалиевна** – кандидат экономических наук, старший преподаватель образовательной программы «Экономика и управление» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: umirzakova1972@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2339-1086>;

**Мухамеджанова Алия Гафуровна** – доктор экономических наук, профессор, консультант ТОО «ЕС Academy», Астана, Казахстан, E-mail: mukhamedzhanova.aliya@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-9291-7784>;

**Спанова Лаззат Кабылбаевна** – магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Экономика, бизнес и аудит» университета Болашак, Кызылорда, Казахстан, E-mail: Spanova74@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0009-7410-7787>.

**Аннотация.** Селективная региональная политика играет ключевую роль в сокращении межрегиональных различий, стимулировании экономического роста и обеспечении устойчивого развития. В условиях глобализации универсальные подходы к развитию регионов не всегда эффективны, что требует применения дифференцированных методов, учитывающих особенности отдельных территорий. Данная работа рассматривает селективную региональную политику как инструмент, направленный на устранение

территориальных диспропорций, поддержку слабых регионов и обеспечение их интеграции в экономическое пространство.

Особое внимание уделено роли инфраструктурных инвестиций, поддержки малого и среднего предпринимательства, а также развитию человеческого капитала и инновационного потенциала. Приведены примеры успешных программ, таких как «Дорожная карта бизнеса – 2025», а также подчеркнута необходимость регулярного мониторинга и системной оценки эффективности региональной политики.

Исследование демонстрирует важность межсекторального сотрудничества, учета демографических, социальных и экономических характеристик регионов. Основной вывод состоит в необходимости интеграции экономических, социальных и экологических показателей для создания комплексной стратегии устойчивого развития.

Работа предлагает рекомендации по эффективному распределению ресурсов, диверсификации экономики и совершенствованию государственных мер поддержки для преодоления дисбалансов, включая пример Кызылординской области, как региона, требующего повышенного внимания.

**Ключевые слова:** регионы, неравномерное развитие, селективная региональная политика, взаимоотношения центра и регионов, децентрализация.

**Кіріспе.** Селективті өңірлік саясат жекелеген аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын ынталандыруда, әсіресе ерекше қиындықтар мен шектеулерге тап болатын өңірлер үшін маңызды рөл атқарады. Жаһандану және елдердегі өңірлік даму айырмашылықтарының өсуі жағдайында барлық өңірлердің дамуына бірыңғай шаралар мен әмбебап тәсілдер әрдайым тиімді нәтиже бермейтіні айқын болуда. Осыған байланысты белгілі бір аумақтарды олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолдауға бағытталған мақсатты шараларды әзірлеу және іске асыру қажеттілігі туындайды.

Селективті тәсіл мемлекет тарапынан әлсіз өңірлердің дамуына қолайлы жағдай жасауға және теңгерімсіздіктерді жоюға бағытталған таңдаулы іс-қимылдарды білдіреді. Жалпы өңірлік саясаттан айырмашылығы, ол барлық аумақтардың дамуын ынталандыруға бағытталған болса, селективті саясат қолдауды аса қажет ететін жекелеген өңірлерге баса назар аударады, бұл шектеулі ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты өңірлік саясаттың басым бағыттарын айқындайтын факторларды, соның ішінде өңірлердің демографиялық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық ерекшеліктерін талдау маңызды аспектке айналады.

Селективті өңірлік саясатты зерттеудің өзектілігі елдің теңгерімді және тұрақты дамуына қол жеткізу, өңіраралық айырмашылықтарды азайту және өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Селективті өңірлік саясат әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтары бар немесе стратегиялық маңызы бар жекелеген өңірлердің дамуын ынталандыруға



бағытталған мемлекеттік реттеудің маңызды құралы болып табылады. Аталған саясат әрбір өңірдің ерекшеліктері және әлеуетін ескеруге мүмкіндік беруші аумақтық дамудың сараланымдық тәсілдемеге негізделеді.

Селективті өңірлік саясат мемлекет тарапынан көтеріңкі назарды талап ететін жекелеген аумақтарды бөліп көрсетуді пайымдайды. Мұндай саясаттың негізгі мақсаттары мыналар:

- аумақтық сәйкессіздіктерді (диспропорцияларды) жою;
- біркелкі экономикалық өсуді қамтамасыз ету;
- халықтың өмір сүру сапасын арттыру;
- өңірдің ресурстары мен әлеуетін тиімді пайдалану.

Өңірлік даму мәселелерін зерттеуде шет елдік ғалымдар өңірлік дамудағы дарестік тәсілдеменің маңыздылығы мен ондағы инфрақұрылым мен адами капиталға инвестициялардың негізгі рөліне баса назар аударады (Rodríguez-Pose, 2018).

Сонымен бірге француз экономисі Франсуа Перру «Экономическое пространство: теория и приложения» атты еңбегінде (Perroux, 1955) өсім полюстері теориясын зерттейді де, айналадағы аумақтардың дамуын ынталандыруға қабілетті белгіленген «орталықтарда» ресурстарды шоғырландыру қажеттілігін көрсетеді. Зерттеулер көрсетіп отырғандай (Barca, et al., 2012) селективті саясаттың табысты іске асырылуы жергілікті ерекшеліктерді ескеру мен жергілікті билік органдары, бизнес пен қоғамдық ұйымдарды біріктіретін мүдделі тараптарды тартуды талап етеді.

Шмидт (Schmidt, 2016) селективті тәсілдеме қаражат пен құралдарды бөлудің айқын және нақты іріктеу критерийлері болмаған жағдайда, ресурстар үшін өңірлер арасында шиеленістердің туындауына алып келуі мүмкін.

Қазақстандағы селективті өңірлік саясат «Бизнестің жол картасы -2025» пен 2025 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасында кодануын тапқан. Ауылдық аумақтарды дамытуға, тоқырау аймақтарына инвестиция тартуға және арнайы экономикалық аймақтар құруға ерекше көңіл бөлінуде.

Турысбекова және басқалар (2021) Қазақстандағы селективті саясатты пайдаланудың табысты мысалдарын талдайды, өңіраралық үйлестікті күшейту қажеттілігі жайлы айтады.

Мақалада селективті өңірлік саясат аумақтардың сәйкессіздігін (диспропорциясын) жойып, олардың тұрақты дамуын қамсыздандыруға бағытталған тәсілдеме ретінде қарастырылады. Аталған тәсілдеменің негізгі аспектілері мыналар:

- Әлсіз дамыған өңірлерге сүйену. Әмбебап өңірлік саясатпен салыстырғанда, селективті саясат ресурстарды тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беретін қосымша қолдауды қажетсінуші жекелеген өңірлерге шоғырланған.

- Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық көрсеткіштердің интеграциясы. Селективті өңірлік саясат экономикалықпен қатар экологиялық және әлеуметтік аспектілерге назар аудара отырып, тұрақты дамудың кешенді бағалауын жүргізеді.

- Инфрақұрылым рөлі. Жол, энергетика, білім мен медицина мекемелерін

қосатын инфрақұрылымға инвестицияларға маңызды орын беріледі, ол өз кезегінде экономикалық дамуды ынталандырады.

Артықшылықтарына қарамастан, селективті өңірлік саясат бірқатар сын-көзқарарларға кезігеді, атап айтқанда:

- ресурстардың «таңдамалы» өңірлерде шоғырлануы теңгерімсіздікті күшейтуі мүмкін;

- бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың күрделілігі;

- жемқорлық тәуекелдер.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

- селективті өңірлік саясат ресурстарды белгілі бір өңірлерге артықшылықпен бөлуді көздейді, бұл олардың экономикалық өсуін жеделдетуге және өмір сүру деңгейін теңестіруге бағытталған;

- тұрақты даму индикаторларын интеграциялау. Тұрақты дамуға бағытталған селективті саясат экономикалық қана емес, экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді де ескеруі мүмкін, бұл саясаттың әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мақалада селективті өңірлік саясаттың тиімділігін бағалау үшін кешенді көрсеткіштер ұсынылған;

- селективті өңірлік саясаттың бірнеше үлгілері зерттеліп, олардың әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке әсерін қарастырылған. Жаһандану мен экономикалық тұрақсыздық сияқты өзгермелі экономикалық жағдайларды ескере отырып, мақалада тиімді селективті саясатты іске асыру шаралары қарастырылған. Ол зерттеудің өзектілігін арттырады және мемлекеттік саясатты түзетуге негіз бола алады.

### **Материалдар мен әдістер**

Өңірлік саясат ел ішіндегі әртүрлі өңірлердің тұрақты және теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Өңірлік саясаттың мақсаттары елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының бағыттарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Өңірлік даму арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған өңірлік саясат экономикалық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық теңсіздіктерді жоюға бағытталған. Мұндай саясаттың мақсаты – ел аумағының әртүрлі бөліктеріне ресурстарды, инвестицияларды және мүмкіндіктерді неғұрлым тең үлестіру.

Зерттеудің әдістемелік негізін Scopus Web of science мәліметтер базасындағы ғылыми мерзімді басылымдарда жарияланған отандық және шетелдік ғалымдардың мақалалары, ғылыми сілтеменің ресейлік индексіне (РИНЦ) енетін жоғары тейтінгілі журналдардағы ресейлік ғалымдардың еңбектері, республикалық өңірлік дамудың мемлекеттік бағдарламалары мен Ұлттық Статистика бюросының статистикалық есептері, нормативтік актілер құрайды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазақстан Республикасының әрбір өңіріне селективті өңірлік саясатты әзірлеу қажет. Селективті өңірлік саясатты қолдану бірнеше негізгі ережелермен түсіндіріледі:

- әртүрлі өңірлер арасындағы даму деңгейіндегі теңсіздіктерді азайтуға ықпал етеді, ресурстар мен мүмкіндіктерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
  - инвестициялар тарту және жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құру арқылы аз дамыған өңірлерде экономикалық өсуді ынталандырады;
  - жолдар, энергетикалық нысандар, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін салуға инвестиция салу арқылы инфрақұрылымды дамытады;
  - жекелеген өңірлерде жоғары жұмыссыздық деңгейі немесе білім деңгейінің төмендігі сияқты ерекше әлеуметтік проблемалар туындауына байланысты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған;
  - инвестицияларды тарту – бұл әсіресе тартымдылығы төмен өңірлерде кәсіпорындар мен инвесторларға жеңілдіктер мен ынталандырулар беру арқылы инвестицияларды тарту және экономикалық белсенділікті әртараптандыруды қамтамасыз етеді;
  - өңірлердің ресурстар мен қолдауға деген қажеттіліктерін ескере отырып, неғұрлым тұрақты дамуға ықпал етеді;
  - белгілі бір өңірлерде зерттеулерге, инновацияларға және технологиялық дамуға бағытталған инвестициялар құзыреттілік орталықтарын құруға және технологиялық прогресті ынталандыруға ықпал етеді.
- Қазақстан өңірлерінің даму айырмашылықтарын реттеуге бағытталған селективті өңірлік экономикалық саясаттың сұлбасы 1-суретте берілген.

<b>Іріктемелі өңірлік экономикалық саясат</b>	
<b>Өнер-кәсіптік саясат</b>	Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы
<b>Аграрлық саясат</b>	Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы
<b>Инвестициялық саясат</b>	Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы, Түркістан облысы, Қарағанды облысы, Павлодар облысы, Алматы облысы, Ақмола облысы, Шығыс Қазақстан, Шымкент қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Абай облысы, Жамбыл облысы, Қызылорда облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Ұлытау облысы
<b>Инфрақұрылымдық саясат</b>	Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Ақмола облысы, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Павлодар облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Түркістан облысы
<b>Инновациялық саясат</b>	Қостанай облысы, Түркістан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлытау облысы, Абай облысы, Атырау облысы, Ақмола облысы, Жамбыл облысы, Алматы облысы, Шымкент қаласы, Маңғыстау облысы, Батыс Қазақстан облысы
<b>Бюджет-салық саясаты</b>	Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы, Түркістан облысы, Қарағанды облысы, Павлодар облысы, Алматы облысы, Ақмола облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Қостанай облысы, Абай облысы, Жамбыл облысы, Қызылорда облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Ұлытау облысы

Сурет 1. Селективті өңірлік саясаттың құрылымы

Мемлекет қолданатын іріктемелі өңірлік саясаттың негізгі компоненттерін қарастырайық.

1. Сараланған қаржылық қолдау: белгіленген салалар мен өңірлердегі инфрақұрылымдық жобаларды дамыту үшін қаржылық құралдар ұсыну түріндегі субсидиялар мен гранттар; жеңілдіктер мен салықтық инталандырулар – инвестицияны ынталандыру мақсатында белгіленген өңірлерде орналасқан кәсіпорындар үшін салықтық ауыртпашылықты төмендету.

2. Инвестициялық саясат: инвестицияларды тарту – даму деңгейі төмен өңірлерге инвесторларды тарту жөніндегі бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу; жергілікті кәсіпорындарды дамыту – шағын және орта кәсіпкерлікті құру мен дамытуға қолдау көрсету.

3. Инфрақұрылымдық саясат: көлік инфрақұрылымын дамыту – өңірлер арасындағы байланысты жақсарту үшін автомобиль жолдарын, темір жолдарды, әуежайларды және басқа да көлік құралдарын салу және жаңғырту; энергетикалық жобалар – жаңартылатын энергия көздерін қоса алғанда, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту.

4. Әлеуметтік саясат: білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру ұйымдарын қолдау және өңірлердегі білім беру деңгейін арттыру бағдарламалары; аз қамтылған халықты әлеуметтік қорғау – халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыру.

5. Еңбек саясаты: жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлерде жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шараларды қамтитын жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеу; халықты қазіргі заманғы экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа дағдыларға үйретуге бағытталған тренингтер өткізу және жұмыс күшін дайындау.

6. Экологиялық саясат: экологиялық таза технологиялар мен өндірістік әдістерді енгізу түрінде қоршаған ортаны қорғау шараларын әзірлеу; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану - ең аз теріс әсер ететін табиғи ресурстарды тиімді пайдалану стратегияларын әзірлеу.

7. Инновациялық саясат: ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу, оның ішінде өңірлерде ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды қаржыландыру; инновациялық орталықтарды құру – инновациялық орталықтар мен технопарктерді құруды және дамытуды қолдау.

8. Басқару саясаты: өңірлік жоспарлау, оның ішінде өңірлердің стратегиялық даму жоспарларын әзірлеу; мемлекеттік басқару, атап айтқанда өңірлік деңгейде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру.

9. Экономикалық саясат жоғарыда сипатталған саясаттың элементтерін, сонымен қатар өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, салық, бюджет және тарифтік саясаттарды қамтиды. Өңірлік саясаттың барлық түрлері әр өңірдің нақты қажеттіліктері мен мақсаттарына байланысты әртүрлі комбинацияларда қолданылуы мүмкін.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған селективті өңірлік саясатты әзірлеу барысында орталық пен өңірлер арасындағы

қатынастардың түрлерін анықтау және ең перспективалы түрлерін ұсыну қажет.

Тиімді өңірлік саясат барлық өңірлердің тұрақты және тең дамуына жағдай жасауға, олардың арасындағы өмір сүру деңгейі мен экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды азайтуға бағытталуы тиіс.

Мемлекет пен өңірдің өзара ықпалдастығы қазіргі заманғы саясаттың, экономиканың және қоғамның маңызды аспектісі болып табылады. Қазақстанның орталығы мен өңірлері арасындағы қарым-қатынастар елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің маңызды бөлігіне айналған. Бұл қарым-қатынастар тарихи, географиялық, этникалық және экономикалық факторлармен анықталады.

Қазақстандағы орталық пен өңірлер арасындағы қарым-қатынастардың негізгі аспектілері келесідей:

- билікті орталықсыздандыру. Қазақстанда билікті орталықсыздандыру процесі 1990 жылдардың басында басталып, орталық үкіметтен өңірлік және жергілікті деңгейлерге кейбір өкілеттіктер мен ресурстарды беруді қамтыды. Бұл Қазақстан өңірлеріне жергілікті мәселелерді шешуде көбірек тәуелсіздік алуға және өз экономикаларын дамытуға мүмкіндік берді;

- экономикалық саясат. Еліміз өңірлерді, әсіресе ірі мұнай, газ және минералды ресурстар шоғырланған Ақмола, Атырау және Маңғыстау облыстарын дамытуға күш жұмсауда. Орталық үкімет өңірлік экономикаларды дамыту, жұмыс орындарын құру және инвестициялар тарту бағытында жұмыс істеп келеді;

- этносаралық және өңіраралық қатынастар. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, әртүрлі этникалық топтар мен өңірлер арасындағы қарым-қатынастар күрделі болуы мүмкін. Орталық үкімет әлеуметтік тұрақтылықты және мәдени-діни айырмашылықтарға құрметпен қарауды сақтауға тырысады;

- инфрақұрылым мен білім беру. Қазақстан өңірлерде инфрақұрылымды және білім беруді дамытуға инвестиция салып, орталық пен шалғай аймақтар арасындағы алшақтықты азайтуда. Бұл жолдар, әуежайлар, мектептер мен университеттер салуды қамтиды;

- өңірлік өзін-өзі басқару. Қазақстанда өңірлік өзін-өзі басқару органдары бар, олар өңірлерді басқаруда маңызды рөл атқарады. Олар жергілікті тұрғындарға өңірлік деңгейде қабылданатын шешімдерге әсер ету мүмкіндігін береді;

- экономикалық теңсіздік. Өңірлерді дамытуға бағытталған күш-жігерге қарамастан, орталық пен шалғай өңірлер арасында экономикалық теңсіздік сақталуда. Бұл инфрақұрылым деңгейінің әртүрлілігімен, ресурстарға қолжетімділікпен және басқа да себептермен байланысты.

Сондай-ақ, өңір мен мемлекеттің өзара ықпалдастығы келесідей бағыттарда көрініс табады:

- өңірлік дамуды басқару. Мемлекет әртүрлі аумақтардың экономикалық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық өсуіне әсер ете отырып, өңірлік дамуды басқаруда маңызды рөл атқарады;

- ғаламдануға бейімделу. Ғаламдану және әлемдік экономика өңірлер мен мемлекет арасындағы байланысты күшейтеді, тиімді ынтымақтастық пен саясатты келісуді талап етеді;

